

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУДАН ТЫС МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Студенттердің оқудан тыс мінез-құлық ережелері университеттің әрбір студенттен жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық нормаларын, университеттің ішкі саясаттары мен рәсімдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауын талап ететінін айқындайды. Осы Ережеде Университет аумағында және Университеттің құзыретіне жататын өзге де жағдайларда орын алуы мүмкін оқудан тыс тәртіп бұзушылықтардың негізгі түрлері айқындалған. Оларға жеке тұлғаларға қарсы жасалған құқыққа қайшы әрекеттер, университеттің немесе университет қауымдастығы мүшелерінің мүлкіне қатысты тәртіп бұзушылықтар, сондай-ақ алкогольдік ішімдіктерге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға, күш қолдануға және/немесе қару-жараққа байланысты құқық бұзушылықтар жатады.

Университеттің оқуға қатысы жоқ тәртіп бұзушылықтарға қатысты кез келген тексеріс барысында КИМЭП қауымдастығының барлық мүшелері толық, нақты және шынайы ақпарат ұсынуға міндетті. Университеттің лауазымды тұлғасына шағымды қарау барысында немесе істі қарайтын кез келген уәкілетті органға жалған не жаңылыстыратын мәліметтер, түсініктемелер немесе айғақтар ұсыну тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін. (ПОҚ және қызметкерлерге қатысты тәртіп бұзушылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Университеттің **Оқытушылардың кәсіби қызмет қағидаларына (Faculty Code of Practice)** және **Қызметкерлерге арналған анықтамалығына (Employee Handbook)** сәйкес қаралады.)

КИМЭП Университеті өз аумағында орын алған сабақтан тыс тәртіп бұзушылықтарды ғана қарайды. Университет аумағында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, университеттің ішкі нормативтік құжаттарының, саясаттарының немесе өзге де белгіленген талаптарының бұзылуы университеттің уәкілетті органдары тарапынан тиісті тәртіптік шаралардың қолданылуына негіз болуы мүмкін.

Оқудан тыс тәртіп бұзушылыққа қатысты барлық хабарламалар Студенттік мәселелер жөніндегі бөлімге (бұдан әрі – **СМБ**) ұсынылуға тиіс.

1. Оқиға туралы хабарлау және оны бастапқы қарастыру

Оқудан тыс тәртіп бұзушылықтарды қарастыру рәсімі төмендегі кезеңдерден тұрады:

- 1.1. **Шағымды тіркеу.** Шағым «Оқудан тыс оқиға туралы хабарламаны» (Incident Report Form) толтыру және оны Студенттік мәселелер жөніндегі бөлімде (бұдан әрі – СМБ) тіркеу арқылы қабылданады. Аталған хабарлама үлгісі Университеттің ресми веб-сайтындағы «Студенттерге» (**Current Students**) бөлімінде орналастырылған.
- 1.2. **Шағымды қарастырудың бастапқы кезеңі.** Бұл кезеңде Студенттік мәселелер жөніндегі бас маман (бұдан әрі – СМБМ) тәртіп бұзушылық туралы

хабарламаны, ұсынылған ақпаратты және дәлелдемелерді қарайды. Қаралатын материалдарға, оның ішінде, шағым, шағымда көрсетілген студенттің жазбаша түсініктемесі, болған жағдайда куәгерлердің түсініктемелері және тәртіп бұзушылықты растайтын өзге де дәлелдемелер жатады. Егер ұсынылған материалдардың негізінде тәртіп бұзушылық белгілерінің бар екені анықталса, іс келесі кезеңге жіберіледі. Ал шағымның жеткілікті негізі жоқ деп танылған жағдайда, СМБМ мен СМБ атқарушы директоры шағымданушы тараппен кездесіп, шағымды әрі қарай қараудан бас тарту себептерін түсіндіреді

- 1.3. Әкімшілік тәртіппен реттеу** - екі тарап арасында дауды шешуге әрекет жасалады. Бұл рәсім студентке мінез-құлық ереже талаптарының бұзылғанын мойындауға және тиісті тәртіптік шараларды ерікті түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Әкімшілік тәртіппен реттеу рәсімі тек болмашы (жеңіл) оқудан тыс тәртіп бұзушылықтар бойынша ғана қолданылуы мүмкін.

2. Тәртіп бұзушылыққа қатысты тыңдаулар

- 2.1.** Студенттік мәселелер жөніндегі тәртіп комитеттің (бұдан әрі – СМКТ) өкілеттігі және құзыреті: СМТК - студенттердің Университеттің қағидалары мен талаптарын бұзуына байланысты барлық оқудан тыс тәртіп бұзушылықтарды қарауға және тергеп-тексеруге уәкілетті.
- 2.2.** СМТК құрамына әр факультеттен/мектептен тиісті академиялық құрылымның деканы ұсынатын бір профессор-оқытушы, Студенттер қауымдастығының бір өкілі және СМБ атқарушы директоры кіреді. СМБ атқарушы директоры комитет төрағасы қызметін атқарады.
- 2.3.** Оқудан тыс тәртіп бұзушылық тым ауыр және сезімтал болған жағдайдағ яғни жыныстық сипаттағы қысым көрсету, нәсілдік немесе этностық кемсітуге және университет қауымдастығының немесе оның мүшелерінің қауіпсіздігі мен әлауқатына елеулі әсер етуі мүмкін өзге де оқиғаны қарастыру кезінде СМТК **студент өкілінің қатысуынсыз отырыс өткізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.**
- 2.4.** Егер Комитет мүшесі қаралып отырған тәртіптік іс бойынша шағым беруші немесе тәртіп бұзушылық жасады деп күдік келтірілген тұлға болып табылса, ол осы істі қарауға қатыстырылмайды. Мұндай жағдайда оның орнына тиісті факультет деканының, құрылымдық бөлімше басшысының немесе КСҚ президентінің шешімімен басқа өкіл тағайындалады.
- 2.5.** Комитет мүшелеріне қойылатын талаптар: СМТК мүшелері кәсіби құзыреттілігі, бейтараптығы және Университеттің құндылықтарын ұстануға бейілділігі негізінде іріктеледі. Комитет құрамына енгізілетін профессор-оқытушылар, қызметкерлер және студенттер Университеттің ішкі нормативтік құжаттары мен рәсімдерін жақсы білуге, сондай-ақ тәртіптік тексеріс жүргізуге объективті әрі сындарлы қатысуға дайын болуға тиіс. Студент-мүшелердің академиялық үлгерімі жақсы болуы және жауапты мінез-құлқымен ерекшеленуі қажет.
- 2.6.** Комитет мүшелері тәртіптік тыңдау өткізілгенге дейін, оны өткізу барысында және ол аяқталғаннан кейін тәртіп бұзушылық жасады деп күдік келтірілген студентпен, оның туыстарымен немесе оның мүддесін білдіретін өзге

тұлғалармен қаралып жатқан іс бойынша бейресми байланыс жасауға немесе мәселені талқылауға жол бермеуге міндетті.

3. Тәртіптік істі қарау тәртібі

- 3.1.** Шағымда көрсетілген студент(тер) СМТК отырысына қатысу үшін, әдетте, отырыс өткізілетін күннен кемінде үш күн бұрын жазбаша түрде хабарландырылады. Төтенше немесе шұғыл жағдайларда бұл мерзім сақталмауы мүмкін. Студент(тер) Комитет отырысына қатысуға міндетті. Дәлелді себептер туралы алдын ала хабарламай отырысқа келмеу құқық бұзушылықты мойындау ретінде бағалануы мүмкін.
- 3.2.** СМТК істің барлық тараптарының түсініктемелерін тыңдайды. Шағым беруші мен шағым жасалған тұлға(лар) тыңдау аяқталғаннан кейін Комитеттің шешім қабылдауына мүмкіндік беру үшін отырыс залынан шығарылады.
- 3.3.** Комитет шешімі қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комитет төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 3.4.** Комитеттің ұсынысы Студенттік мәселелер жөніндегі бас маманға (СМБМ) ұсынылады. СМБМ материалдарды қарағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде түпкілікті шешім қабылдайды.
- 3.5.** Егер Комитет студентті оқудан уақытша шеттетуді немесе оқудан шығаруды ұсынбаса, СМБМ студентке тәртіптік жаза туралы ресми ескерту (сөгіс) хатын береді. Студент бұл шешімді алған сәттен бастап оны дереу орындауға міндетті. Шешімнің орындалмауы қосымша тәртіптік шаралардың қолданылуына негіз болады.
- 3.6.** Егер Комитет студентті оқудан уақытша шеттетуді немесе оқудан шығаруды ұсынса, СМБМ СМТК шешімі қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде істің материалдарын бірінші проректор кеңсесіне жолдайды. Егер тексеріс барысында рәсімдік талаптардың сақталмауы немесе құжаттардың толық ұсынылмауы анықталса, материалдар барлық қажетті құжаттар толық рәсімделгеннен кейін ғана жолданады.
- 3.7.** Бірінші проректор істі қайта қарау және шешім қабылдау үшін Университеттің арнайы (ad hoc) тәртіптік комитетін құрады. Комитет құрамына Құқық мектебінің профессор-оқытушысы, университетінің заң кеңесшісі және тіркеу бөлімінің өкілі кіреді.
- 3.8.** Комитет отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін Комитеттің қабылдаған шешімі туралы шағым жасалған тұлғаға бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарланады.
- 3.9.** Оқудан уақытша шеттету немесе оқудан шығару туралы бұйрықпен танысып, оған қол қойған күннен бастап бір апта ішінде студент жоғары басшылықтың тәртіптік комитетіне апелляциялық шағым беруге құқылы. Аталған комитеттің шешімі түпкілікті болып табылады.

4. Комитет әрекеттері

СМТК істің мән-жайын, құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығын ескере отырып, төменде көрсетілген тәртіптік шаралардың бірін, бірнешеуін қатар немесе өзге де тиісті шараларды қолдануды ұсынуы мүмкін:

4.1. Университеттен шығару

Студент оқудан шығарылып, КИМЭП университетінің аумағына қайта кіру құқығынан айырылады. Бұл жағдайда студенттің академиялық дәрежеге үміткер мәртебесі және академиялық мәртебесіне байланысты барлық құқықтары күшін жояды. Сондай-ақ студентке КИМЭП университетінің ғимараттары мен аумағына кіруге тыйым салынады.

4.2. Оқудан уақытша шеттету

Студент құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына сәйкес белгіленген мерзімге Университеттен уақытша шеттетіледі. Осы кезең ішінде студентке КИМЕР университетінің ғимараттары мен аумағына кіруге тыйым салынады.

4.3. Тәртіптік сынақ мерзімі

Тәртіптік сынақ мерзімі студенттің мінез-құлқының Университет талаптарына сәйкес келмейтінін білдіретін ресми ескерту. Бұл туралы мәлімет студенттің жеке академиялық ісіне енгізіледі. Сынақ мерзімі ішінде немесе одан кейін тәртіп ережелерін қайтадан бұзу студентті оқудан уақытша шеттетуге немесе Университеттен шығаруға негіз болуы мүмкін.

4.4. Сөгіс жариялау туралы хат

Бұл студенттің тәртіп талаптарын бұзуына байланысты СМБМ беретін ресми құжат болып табылады. Сөгіс хаты студентке оның мінез-құлқының ретсіз екенін ресми түрде ескерту және оны түзету қажеттігін хабарлау мақсатында беріледі. Хатта орын алған тәртіп бұзушылықтың мәні, сондай-ақ осындай әрекет қайталанған жағдайда қолданылуы мүмкін тәртіптік шаралар нақты көрсетілуі тиіс.

4.5. Қоғамдық жұмыстарды орындау / еңбек тәжірибесінен өту

Комитет студентке КИМЭП университетінде немесе Университеттен тыс қоғам игілігі үшін белгілі бір көлемде ерікті қоғамдық жұмыстарды орындауды міндеттей алады. Жекелеген жағдайларда Комитет студенттен тұрақты ақылы жұмысқа орналасуды және сол жұмыста белгілі бір уақыт еңбек еткенін растауды талап етуі мүмкін.

4.6. Келтірілген материалдық залалды өтеу

Егер студенттің әрекеттері салдарынан Университеттің мүлкіне (мысалы, компьютерлерге, бағдарламалық қамтамасыз етуге, жабдықтарға, жиһазға немесе өзге де материалдық құндылықтарға) залал келтірілсе, Комитет студентке келтірілген залалды ерікті түрде өтеуді ұсынуы мүмкін. Елеулі материалдық залал келтірілген жағдайда Комитет студентті оқудан уақытша шеттетуді немесе Университеттен шығаруды ұсына алады, сондай-ақ университетке келтірілген залалды азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен өндіріп алу туралы талап қоюды ұсынуға құқылы.

5. Оқудан тыс тәртіп бұзушылық мысалдары*

5.1. Дерееу оқудан уақытша шеттету және оқудан шығаруға әкеп соғатын ауыр тәртіп бұзушылықтыр

	Тәртіп бұзушылық:	Қолданылатын шара
1	Басқа студентке, профессор-оқытушыға, қызметкерге немесе келушіге қару (пышақ, таяқша, травматикалық тапанша және т.б.) қолданып дене жарақатын келтіру немесе күш қолдану.	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
2	Профессор-оқытушыға, қызметкерге немесе келушіге қатысты төбелес шығару, дене күшін қолдану немесе физикалық агрессия көрсету	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
3	Университет аумағында есірткі заттарын таратушы немесе жеткізуші ретінде анықталу	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
4	Университет аумағында есірткі құралдарын немесе өзге де тыйым салынған заттарды заңсыз сақтау немесе иелену	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
5	Сексуалдық сипаттағы қысым көрсету немесе сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық жасау	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
6	Басқа тұлғаның денсаулығына немесе өміріне пышақпен, атыс қаруымен, сойылмен немесе қару ретінде пайдаланылуы мүмкін басқа затпен зиян келтіремін деп қорқыту..	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
7	КИМЕР университетінің, студенттердің, профессор-оқытушылардың немесе қызметкерлердің мүлкін ұрлау	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
8	Әлімжеттік (жаңа мүшелерді қорлау, кемсіту немесе мәжбүрлеу сипатындағы рәсімдерге тарту)	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
9	Ресми құжаттарды қолдан жасау немесе бұрмалау.	Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
10	Басқа студентке қатысты төбелес шығару, дене күшін қолдану немесе физикалық агрессия көрсету	Бірінші рет: оқудан уақытша шеттету.

		Қайталанған жағдайда: КИМЭП университетінен біржола шығару.
11	Серіктес жоғары оқу орнында оқу кезеңінде КИМЕР университетінің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасау (академиялық құқық бұзушылықтар тиісті колледжде, ал академиялық емес құқық бұзушылықтар СМТК-де қаралады)	Бірінші рет: оқудан уақытша шеттету. Қайталанған жағдайда: КИМЭП университетінен біржола шығару.

***Ескерту:** СМТК-нің түпкілікті ұсынысы әрбір нақты істің мән-жайына және тәртіп бұзушылықтың сипаты мен ауырлық дәрежесіне қарай айқындалады

5.2. Тәртіптік сынақ мерзімін қолдануға, ал қайталанған жағдайда Университеттен шығаруға дейін шара қолдануды тәртіптік құқық бұзушылықтар

1	Басқа студентке, профессор-оқытушыға немесе қызметкерге қатысты қорқыту, балағат сөздер айту, кез келген белгісі бойынша кемсіту немесе қорлау сипатындағы сөздер мен әрекеттер жасау.	Бірінші рет: тәртіптік сынақ мерзімі. Қайталанған жағдайда: оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен шығару ықтималдығы.
2	Негізсіз айып тағу немесе жалған айыптау.	Бірінші рет: тәртіптік сынақ мерзімі. Қайталанған жағдайда: Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
3	Кез келген қаруды (мысалы, пышақ, атыс қаруы, сойыл және т.б.) өзімен бірге алып жүру немесе иелену фактісінің анықталуы.	Бірінші рет: тәртіптік сынақ мерзімі. Қайталанған жағдайда: Оқудан уақытша шеттету және КИМЭП Университетінен біржола шығару ықтималдығы.
4	Университет аумағында алкогольдік масаң күйде болу немесе тыйым салынған заттарды заңсыз сақтау.	Бірінші рет: затты күзет қызметі дереу тәркілейді және тәртіптік сынақ мерзімі қолданылады. Қайталанған жағдайда: оқудан уақытша шеттету және Университеттен біржола шығару ықтималдығы.

5	КИМЭП университетінің аумағында темекі өнімдерін, электрондық темекілерді, кальянды және өзге де темекі шегуге арналған бұйымдарды пайдалануға тыйым салынады. Университет кампусының кез келген жерінде темекі шегуге тыйым салу қағидаларын бұзу құқық бұзушылық болып табылады.	Бірінші рет: темекі өнімдері күзет қызметімен дереу тәркіленеді және тәртіптік сынақ мерзімі қолданылады. Екінші рет: қоғамдық жұмыстарға тарту. Үшінші рет: оқудан уақытша шеттету және Университеттен біржола шығару ықтималдығы.
6	КИМЭП университетінің немесе өзге тұлғалардың мүлкін қасақана бүлдіру немесе вандализм жасау.	Бірінші рет: тәртіптік сынақ мерзімі. Қайталанған жағдайда: оқудан уақытша шеттету немесе Университеттен шығару.
7	Сабақ барысында немесе Университеттің дәліздері мен өзге де ортақ пайдалану орындарында әдепке жат мінез-құлық көрсету (мысалы, түкіру, айқайлау, студенттерге немесе профессор-оқытушыларға қатысты қорлайтын сөздер айту, этностық, діни немесе нәсілдік сипаттағы кемсітуші пікірлер білдіру және т.б.).	Бірінші рет: тәртіптік сынақ мерзімі. Қайталанған жағдайда: оқудан уақытша шеттету немесе Университеттен шығару.
8	Университет аумағында қоқыс тастау (оның ішінде темекі тұқылдарын, сағызды және басқа да қоқысты арнайы белгіленбеген орындарға тастау).	Бірінші рет: ресми сөгіс жариялау туралы хат. Екінші рет: қоғамдық жұмыстарға тарту. Үшінші рет: оқудан уақытша шеттету немесе Университеттен шығару.
9	Университет аумағында құмар ойындар ұйымдастыру немесе құмар ойын мақсатында карта ойнау.	Бірінші рет: карталар Университеттің уәкілетті қызметкерімен дереу тәркіленеді және ресми сөгіс жариялау туралы хат беріледі. Екінші рет: тәртіптік сынақ мерзімі. Үшінші рет: оқудан уақытша шеттету немесе Университеттен шығару.

Ескерту: Жоғарыда көрсетілмеген өзге де оқудан тыс тәртіп бұзушылықтар анықталған жағдайда, олар да осы ережеге сәйкес қаралады және Студенттік мәселелер жөніндегі тәртіп комитеттің шешімімен тиісті тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.